Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Тауарларды сатып алу туралы шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, "KAP Logistics" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі атынан _____, негізінде қызмет ететін _____ _____, бір жақтан, және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ атынан _____, негізінде қызмет ететін _____ _____, екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар ««Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы тауарларды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді. Өнім беруші осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі екендігін; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулардың жоқ екендігін; • осы Шартқа қол қоймас бұрын өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалады және сәйкестендірді. • осы Шарттың орындалуына әсер ететін Тәртіппен танысты және Тәртіп нормаларымен келісетінін растайды.

1. Шарттың мәні

1.1. Өнім беруші тауарларды Шартта (бұдан әрі - Тауар) көрсетілген бағалар, параметрлер және басқа да шарттар бойынша Тапсырыс берушінің меншігіне жеткізуге және беруге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда Тауарды осы Шарттың талаптарымен қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Өнім беруші осы Шартқа қол қоя отырып: заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулердің, тыйымдардың жоқ екенін; осы Шартқа қол қояр алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін (анықтағанын) растайды.

1.3. Төменде аталған терминдер, ұғымдар, құжаттар және оларда келісілген талаптар Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып есептеледі, атап айтқанда:

1.3.1. Тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің тізбесі – Шартқа № 1 қосымша;

1.3.2. Техникалық ерекшелік – Шартқа № 2 қосымша;

1.3.3. Шарттағы ішінара елішілік құндылықтың нақты есептеу нысаны – Шартқа № 3 қосымша;

1.3.4. Контрагенттің сауалнамасы – Шартқа № 4 қосымша.

1.3.5. Тауарды жөнелту жөніндегі тізілім нысаны – Шартқа № 5 қосымша.

1.3.6. «KAP Logistics» ЖШС-дегі өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету – Шартқа № 6 қосымша;

1.3.7. «KAP Logistics» ЖШС-нің Әдеп және комплаенс кодексі – Шартқа № 7 қосымша;

1.3.8. Құпиялылық туралы келісім – Шартқа № 8 қосымша;

1.3.9. Қабылдау-өткізу актісі – Веб-портал арқылы екі Тараптың уәкілетті өкілдері қол қойған аралық Қабылдау-өткізу актісі;

1.3.10. Веб-портал – электрондық сатып алуды өткізуді қамтамасыз ететін «Самрук-Қазына» АҚ-ның электрондық сатып алу ақпараттық жүйесі (ЭСаЖ 2.0);

1.3.11. Кемшіліктер - осы Шарттың талаптары бұзыла отырып жеткізілген Тауар немесе Тауардың бір бөлігі, соның ішінде жарамсыз өнім (брак), дефектілер, кемістіктер, зақымданулар, сәйкессіздіктер және т.б.;

1.3.12. Шарттың жалпы сомасы – Жеткізушіге осы Шарт бойынша өзінің барлық міндеттемелерін толық және тиісінше орындағаны үшін осы Шартқа сәйкес төленуге тиісті соманы білдіреді;

1.3.13. Тауар – осы Шарттың талаптарына сәйкес Жеткізуші Тапсырыс берушіге жеткізетін, Шартқа № 2 қосымшада көрсетілген техникалық сипаттамаларға сәйкес келетін және толық тізбесі Шартқа № 1 қосымшада айқындалған тауар;

1.3.14. Тауар өндіруші – уәкілетті органның https://e-ondiris.gov.kz порталындағы Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінде тұрған, тауарды өндіретін әлеуетті өнім беруші (өнім беруші);

1.3.15. Тәртіп – «Самрук-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 03.03-тегі № 193 бетпе-бет отырысының хаттамасымен бекітілген, «Самрук-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығымен «Самрук-Қазына» АҚ-на тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібі.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

1.4. Тауарға қатысы бар (тауарға жататын) құжаттар деп Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарда, «Самрук-Қазына» АҚ-ның және Тапсырыс берушінің нормативтік-құқықтық актілерінде, осы Шартта және оған қосымшаларда белгіленген жағдайларда, тәртіппен, нысанда және мерзімдерде қағаз/электрондық нысанда ресімделген құжаттар түсініледі.

2. Шарт сомасы және төлем шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарт талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және Шартта және Тәртібіне көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу:

2.4. Аванстық төлемді (алдын ала төлемді) Тапсырыс беруші шарт жасалған және өнім беруші алдын ала төлеуге шот берген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізеді. Өнім беруші аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан немесе осы тармақта белгіленген мерзімде алдын ала төлем шотын ұсынбаған жағдайда, бұл аванстық төлем (алдын ала төлем) жүзеге асырылмайды.

2.5. Жеткізілген тауарлар үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар жеткізілген тауарлар актісіне (актілеріне) (бұдан әрі - Қабылдап алу-тапсыру актілері) қол қойған және келесі құжат (құжаттар) ұсынылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.5.1. Веб-портал арқылы электрондық құжат нысанында Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлардағы ішкі елдік құндылық үлесінің есебі.

2.5.2. Қазақстан Республикасының салық заңнамасы талаптарына сәйкес, ҚР Салық кодексінің 412-бабы 5-тармағының 12-тармақшасына және Электрондық нысанда шот-фактураны жазып беру қағидаларына сәйкес, тауардың шығарылған тегінің дұрыс белгісін (G бөлімі, 2-баған) және тиісті СЭҚ ТН кодының (G бөлімі, 4-баған) міндетті түрде толтырылуымен, Тауар жеткізілген күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірілмейтін мерзімде ЭШФ АЖ (esf.gov.kz) арқылы ұсынылған Электрондық шот-фактураның.

2.5.3. Тауарға арналған теміржол жүккұжатының, тауарға арналған ілеспе жүккұжаттың (ТІЖ, электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі (esf.gov.kz) арқылы ұсынылады);

2.5.4. Тауардың сапасын растайтын сәйкестік сертификаттары;

2.5.5. Қабылдау-тапсыру актісі (актілері);

2.5.6. Тауарды жеткізуге қатысы бар басқа да құжаттардың.

2.6. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Қабылдап алу-тапсыру актісін (актілерін) Өнім беруші Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Тауарларды Қабылдап алу-тапсыру актісін (актілерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі. Акт (актілер) Ұлттық тауарлар каталогынан тауардың жеке кодын (kztin) қарастыруы қажет. Ілеспе жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындау кезінде түпкілікті есеп шарт бойынша тиісті жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындағаннан кейін жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындағаны үшін төлемді ұстап қалу шарт сомасының 20%-нан аспауы тиіс.

2.7. Тапсырыс беруші Мердігердің төлем құжаттарының топтамасын уақтылы ұсынбауына/қол қоюына байланысты төлемді кешіктіргені үшін жауапты болмайды.

2.8. Нақты жеткізілген Тауар үшін төлем бұрын төленген алдын ала төлемді ескере отырып жүргізіледі.

2.9. Жеткізушінің Шарт бойынша міндеттемелерін орындау қорытындысы бойынша – Тауарды толық көлемде жеткізу – және Тапсырыс берушінің жеткізілген Тауардың саны мен сапасына қатысты қандай да бір наразылықтары болмаған жағдайда, Жеткізуші Тауар толық көлемде жеткізілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге келісу үшін Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін қол қоюға ұсынуға тиіс. Наразылықтар болмаған жағдайда, Тапсырыс беруші Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне ол Жеткізуші тарапынан жіберілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қояды.

2.10. Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес келесідей төленуге тиіс:

2.10.1. Өнім беруші осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты есептелген кез келген және барлық салықтарды төлеуге толық жауапты болады. Өнім беруші Тапсырыс берушіні осы Шарт бойынша Өнім берушіге төленген немесе оның алған кез келген төлеміне байланысты Қазақстан Республикасының кез келген мемлекеттік органы, соның ішінде салық қызметі тиісті талаптар

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

негізінде Өнім берушіге есептеуі және салауы мүмкін барлық талап етілетін салықтарды немесе алымдарды (соның ішінде өсімпұлдар мен айыппұлдарды) төлеуге қатысты барлық және кез келген наразылықтар мен жауаптылықтан босатады және қорғайды.

2.10.2. Тапсырыс беруші мемлекеттік органдардан мұндай талапты алған кезде, Өнім берушіге төленуге тиісті сомалардан салықтарды төлеу бойынша кез келген соманы ұстап қалады. Өнім берушіге кез келген ведомствода аталған қаражатты ұстап қалу туралы Тапсырыс берушіге қойылған талаптың заңдылығына дауласу мүмкіндігін беру үшін, Тапсырыс беруші кез келген мұндай талап туралы Өнім берушіні алдын ала хабардар етеді. Тапсырыс берушінің Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органына ұстап қалынған сома мөлшерінде жүргізген төлемі, төлем бастапқыда Өнім беруші тарапынан жүзеге асырылғандай, Өнім берушінің атынан жүргізілген төлем деп есептеледі және Тапсырыс беруші осылайша ұстап қалынған сома бойынша Өнім беруші алдында бұдан былай жауапты болмайды. Тапсырыс беруші Өнім берушіге барлық мұндай төлемдердің құжатталған дәлелдерін де ұсынады.

2.10.3. Өнім берушінің салық есептіліктерін бұрыс (қате) толтыруы салдарынан қарсы тексерулердің және/або Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кірістер комитетіне жіберілген сұрау салулардың нәтижелері бойынша расталмаған қосымша есептеулер туындаған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге ҚҚС пен КТС сомасын қайтаруға міндетті.

2.10.4. Мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімі, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану және (немесе) тексерулер жүргізу, сондай-ақ өзге де іс-шаралар шеңберінде осы Шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысулардың көрсетілмеуі (төленбеуі) не расталмауы фактілерін анықтаған жағдайда, соның салдарынан Тапсырыс берушіге салықтарды қосымша есептеу жүктелсе, онда Өнім беруші Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алғаннан кейін 10 (он) күн ішінде Тапсырыс берушіге ҚҚС пен КТС-тың бүкіл сомасын, сондай-ақ қаржылық санкцияларды қоса алғанда, жүктелген барлық өзге де салықтарды өтеуге міндеттенеді. Осы тармақта көзделген шарт тікелей Өнім берушінің өзімен ғана қарым-қатынастармен шектелмейді, сонымен қатар қандай да бір негіздер бойынша Тапсырыс берушімен өзары есеп айырысулардың расталмауына және мемлекеттік органдардың Тапсырыс берушіге қойған салықтар мен қаржылық санкцияларды қосымша есептеу жағдайларына әкеп соққан Өнім берушінің басқа да Орындаушыларымен, Өнім берушілерімен және Мердігерлерімен қарым-қатынастарына да қолданылады.

3. Жеткізу мерзімдері мен талаптары

3.1. Жеткізуші Тауарды Шартқа қоса берілген №1, №2 қосымшаларға сәйкес мекенжай бойынша және мерзімде өз күшімен және өз есебінен өзі өндірген Тауарды жеткізеді.

3.2. Өнім беруші Тауарды Шартқа №1 және №2 қосымшаларда айқындалған мерзімде жеткізеді. Бұл ретте, егер Шартқа №2 қосымшада Тауарды Тапсырыс берушінің мерзімі көрсетілген жазбаша өтінімі (тапсырысы) негізінде жеткізу көзделген болса, онда жеткізу Тапсырыс берушінің өтінімінде белгіленген мерзімде жүзеге асырылады. Осыған байланысты, Тапсырыс беруші өзі үшін қандай да бір салдарсыз Өнім берушінің Тапсырыс берушінің өтінімінсіз жеткізген Тауарын қабылдамауға құқылы, ал мұндай жеткізуге байланысты барлық тәуекелдерді Өнім беруші көтереді. Тапсырыс берушінің жөнелту айының алдындағы өтінімдерінде мыналар көрсетіледі: тиісті партиядағы Тауардың атауы, саны және жеткізу орны.

3.3. Өнім беруші жөнелтілген күннен кейінгі жұмыс күнінің сағат 12:00-ге дейін Шартқа № 5 қосымшаның нысаны бойынша: шарт нөмірін, Тауардың атауын, көлік (цистерна) нөмірін, жөнелту күнін, орын санын және салмағын көрсете отырып, Тапсырыс берушіге Тауардың тиісті партиясының жөнелтілу фактісі туралы хабарлайды.

3.4. Тауардың тиісті партиясына меншік құқығы және Тауардың тиісті партиясының кездейсоқ жойылу тәуекелі Тапсырыс берушінің Тауардың тиісті партиясын мынадай талаптармен алған сәтінен бастап Өнім берушіден Тапсырыс берушіге ауысады (қолданылатын жағдайларда):

3.4.1. EXW (Инкотермс-2020) – Өнім берушінің алаңы (зауыты), Тауар партиясын сапасы бойынша қабылдауды Тапсырыс беруші Тауарға арналған сапа сертификаттарына, сондай-ақ осы Шарттың талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

3.4.2. DDP (Инкотермс-2020) – Шартқа №1, 2 қосымшаларға сәйкес Тапсырыс берушінің станциясы және Тауардың тиісті партиясына теміржол-көлік жүкқұжатын алу. Тауар партиясын сапасы бойынша қабылдауды Тапсырыс беруші Тауарға арналған сапа сертификаттарына, сондай-ақ осы Шарттың талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

3.5. Тапсырыс беруші Тауар партиясын жеткізу орнында төменде баяндалған талаптар бойынша қабылдайды:

3.5.1. Тауарды өлшеу дайындаушы кәсіпорында Өнім берушіде қабылданған стандартты тәсілмен жүргізіледі, сынамаларды іріктеу, химиялық құрамды анықтау – МЕМСТ (ГОСТ) талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Төрелік сынамалар Өнім берушіде Тауар партиясының теміржол жүкқұжатындағы жөнелту станциясының штемпелінде көрсетілген күннен бастап 2 күнтізбелік ай бойы сақталады.

3.5.2. Өнім берушінің дайындаушы кәсіпорнында анықталған және сапа сертификатында, теміржол жүкқұжатында, ТІЖ-де көрсетілген Тауардың салмағы мен сапасы Тараптар арасында өзара есеп айырысуларды жүргізу үшін негіз болып табылады.

3.5.3. Егер Тапсырыс берушінің химиялық талдау нәтижелері бойынша Тауар партиясындағы моногидраттың (H_2SO_4) массалық үлесінің мөлшері 92,5%-дан төмен болса, онда Тапсырыс берушіге өз есебінен сәйкестікті бағалау саласында аккредиттелген, Тараптар келіскен төрелік зертхананы тартуға және Өнім берушіден төрелік сынамаларды сонда жіберуді талап етуге құқық беріледі. Төрелік талдау жүргізу құны кейіннен кінәлі Тарапқа жатқызыла отырып, Өнім беруші тарапынан төленеді. Төрелік зертхананың

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

талдауы Тараптар үшін үзілді-кесілді (түпкілікті) болып табылады. Төрелік зертхана талдауының нәтижелері алынғанға дейін Тараптар бір-біріне наразылық білдірмейді.

3.5.4. Төрелік талдау жүргізу мүмкіндігі Тауар партиясының теміржол жүкқұжатындағы жөнелту станциясының штемпелінде көрсетілген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күнмен шектеледі.

3.5.5. Тапсырыс беруші тиелген цистернаның тұтастығын анықтау үшін оған көзбен шолып тексеру жүргізеді. Цистернаның жай-күйі мен түрі тиіссіз болған жағдайда, Тапсырыс беруші тасымалдаушының өкілімен бірлесіп тиісті Акті жасайды.

3.5.6. Тауарды қабылдау кезінде жетіспеушілік анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші бұл туралы Өнім берушіге бір тәулік ішінде хабарлауға міндетті. Өнім беруші жетіспеушілікті актілеу үшін 3 күнтізбелік күн ішінде өзінің өкілін жіберуге міндетті. Бірлесіп қабылдауға қатысу үшін Өнім берушінің өкілі келмеген жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге қабылдауды жүргізуге және Актіні біржақты тәртіппен жасауға келісім жібереді. Тапсырыс беруші Тауарды тасымалдаушыдан соңғысының қатысуымен және коммерциялық акті жасай отырып қабылдауға тиіс.

3.5.7. Форс-мажорлық мән-жайлар туындаған, телефон/пошта байланысында үзілістер болған, сондай-ақ Өнім беруші өкілінің Тауарды қабылдау орнына келуіне мүмкіндік бермейтін ауа райы жағдайлары басталған жағдайда, егер бұл қорытындысында Тауарды қабылдаудың бір тәуліктен астам мерзімге бұзылуына/іркілуіне әкеп соғуы мүмкін болса, Тауарды қабылдау Тапсырыс беруші қызметкерлерінен құралған комиссиямен біржақты тәртіппен жүзеге асырылады.

3.5.8. Тапсырыс беруші Тауарды Өнім беруші жөнелтетін сәтке дейін кемінде 8 тәулік бұрын (хабарлама жіберілген күнді есептемегенде) Өнім берушіге хабарлама жіберу арқылы Тауарды жеткізу мерзімдері мен көлемін өзгертуге құқылы.

3.5.9. Өнім берушінің Тауардың тиісті партиясын мерзімінен бұрын жеткізуіне Тапсырыс берушінің жазбаша келісімімен ғана жол беріледі.

3.5.10. Тауардың тиісті партиясы ол Тапсырыс беруші тарапынан алынған және Өнім беруші Тауарға қатысты – Тауардың сапасын, санын, атауын куәландыратын құжаттарды, сондай-ақ тауар-көлік (немесе теміржол-көлік) ТІЖ-ді, егер жеткізілетін Тауар «Қазақстан Республикасында өнімнің сәйкестігін міндетті түрде растау туралы» Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті түрде сертификатталуға тиіс өнімдер мен көрсетілетін қызметтер тізбесіне кіретін болса, Тауарға арналған сәйкестік сертификатын/сапа сертификатын/сапа паспортын/сәйкестік паспортын (түпнұсқасын) ұсынған сәттен бастап жеткізілген деп есептеледі. Өнім беруші Шарттың осы тармағында көзделген міндеттерді орындамаған жағдайда, Тапсырыс беруші 5 (бес) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде құжаттар ұсынылған сәтке дейін Тауардың тиісті партиясын қабылдауды тоқтата тұруға құқылы.

3.5.11. Тапсырыс беруші Тауардың тағайындалған орны бойынша жеткізілмеуіне байланысты туындаған тасымалдау, қоймаға қою бойынша қосымша шығындарды және басқа да шығыстарды өтеу туралы талап қоюға құқылы. Өнім беруші талапты алған сәттен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде қарауға міндетті. Өнім беруші талапты көрсетілген мерзімде қарамаған жағдайда, Тапсырыс беруші тағайындалған орны бойынша жеткізілмеуіне байланысты туындаған тасымалдау, қоймаға қою бойынша қосымша шығындардың және басқа да шығыстардың сомасын Өнім берушіге тиесілі ақшадан біржақты тәртіппен шегеріп тастауға құқылы.

3.5.12. Шарттың 3.2-пунктінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, Тауар Тапсырыс берушінің тиісті өтінімінде көрсетілгеннен артық мөлшерде берілген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім беруші берген Тауардан бас тартуға құқылы. Бұл ретте Тапсырыс беруші 7 күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге Тауардың сақталуын (жауапты сақтау) қамтамасыз етеді. Өнім беруші Шарттың осы пунктінде көрсетілген мерзім ішінде Тапсырыс беруші жауапты сақтауға қабылдаған Тауарды әкетуге немесе оған қисынды мерзімде билік етуге міндетті. Егер Өнім беруші жоғарыда көрсетілген мерзімде Тауарға билік етпесе, Тапсырыс беруші Тауарды өткізуге (сатуға) немесе оны Өнім берушіге қайтаруға құқылы. Тапсырыс берушінің Тауарды жауапты сақтауға қабылдауына, Тауарды өткізуіне немесе оны Өнім берушіге қайтаруына байланысты шеккен қажетті шығындары Өнім беруші тарапынан өтелуге тиіс.

3.6. Тапсырыс беруші Шарт бойынша мәлімделген Тауардың толық және/немесе қалған көлемін таңдап алмаған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауардың қалған және/немесе толық көлеміне өтінімдер беруді және тиісінше оның ақысын төлеуді талап етуге құқылы емес.

3.7. Тауар Тапсырыс берушіге Шартқа №1, №2 қосымшаларға сәйкес Қабылдап алу-тапсыру актісіне(актілеріне) сәйкес саны мен сапасы бойынша беріледі. Тауарға меншік құқығы, сондай-ақ Тауардың кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ зақымдану қаупі заң актілеріне немесе Шартқа сәйкес Өнім беруші Тауарды Тапсырыс берушіге беру жөніндегі өз міндетін орындаған болып есептелген сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Өнім берушінің Тауарды жеткізуіне байланысты шығыстар Шарттың жалпы сомасына енгізілген.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

4.1. Өнім беруші:

4.1.1. Тауарды Шарттың талаптарына сәйкес жеткізу;

4.1.2. Тапсырыс берушіге Шартта белгіленген мерзімде және талаптарда жеткізілетін Тауарға құжаттарды, оның ішінде:

4.1.2.1. ШВеб-порталда электрондық құжат нысанында Шарт шеңберінде жеткізілген тауардың бүкіл көлеміне (санына) Шарттағы

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

ішкі елдік құндылық үлесінің есебі. Түпкілікті Қабылдап алу-тапсыру актісімен бірге ұсынылады.

4.1.2.2. Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді көшірменің электрондық көшірмесі.

4.1.2.3. Тауарды жеткізуге қатысы бар басқа да құжаттар.

4.1.3. Тапсырыс берушіге Тауардың тиісті партиясымен бірге Тауардың сапасын, мөлшерін, атауын, ассортиментін және қауіпсіздігін куәландыратын құжаттарды, сондай-ақ электрондық нысандағы шот-фактураны, тауар-көлік (немесе теміржол-көлік) жүккұжатын (түпнұсқасын) және ТІЖ-ді беру. Электрондық нысандағы шот-фактуралар өткізу айналымы жасалған күннен кейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірілмей жазылуы тиіс.

4.1.4. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша мәлімделген Тауардың толық көлемін және/немесе қалған көлемін таңдап алмаған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауардың қалған және/немесе толық көлеміне өтінімдер беруді және тиісінше оның ақысын төлеуді талап етпейді. Өз кезегінде, Өнім беруші Тапсырыс берушіден хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде нақты жеткізілген Тауардың құнын шегере отырып, аванстық төлемнің (алдын ала төлемнің) қалған сомасын қайтаруға міндетті.

4.1.5. Осы Шартқа қол қойылғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге Шартқа № 4 қосымшаның нысаны бойынша толтырылған Контрагенттің сауалнамасын ұсыну.

4.1.6. Өтінімдегіден артық жеткізілген Тауарды ол жөнелтілген сәттен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде өз күшімен, өз есебінен әкету, сондай-ақ Тапсырыс берушіге жауапты сақтау үшін соманы төлеу.

4.1.7. Тауарды Тапсырыс берушіге оған үшінші тұлғалардың кез келген құқықтарынан бос күйінде беру.

4.1.8. Тапсырыс берушіге тиісті сападағы, мөлшердегі және атаудағы Тауарды беру.

4.1.9. Шартқа №1 қосымшада көрсетілген Тапсырыс берушінің тағайындалған пунктіне дейін тасымалдау кезінде Тауардың тұтастығы мен сақталуын, сондай-ақ тасымалдау уақытында оның зақымдануын немесе бүлінуін болдырмауға қабілетті Тауардың қаптамасын қамтамасыз етуге. Қаптама ешқандай шектеусіз қарқынды тиеу-түсіру (көліктік) өңдеуіне және тасымалдау кезіндегі экстремалды температуралардың, тұз бен жауын-шашынның әсеріне төтеп беруге тиіс.

4.1.10. Осы Шарттың талаптарына сәйкес Өнім беруші өзіне алған міндеттемелерді орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған жағдайда, есептелген өсімпул (айыппұл) сомасын төлеу.

4.1.11. Осы Шарттың 3.6-пунктінің ережелеріне сәйкес Тауардың тиісті партиясының мөлшері мен атауын тексеруге қатысу үшін өзінің уәкілетті өкілінің келуін өз есебінен қамтамасыз ету.

4.1.12. Осы Шартта көзделген құжаттарды уақтылы және дұрыс толтыруға. Құжаттардың көрсетілген нысандарын толтыруда қателер анықталған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қателерді түзетуге және дұрыс құжаттарды ұсынуға міндеттенеді.

4.1.13. Электрондық шот-фактураны (ЭШФ) ресімдеу кезінде Шарттың 4.1.2-тармағына сәйкес ұсынылған құжаттарға сәйкес тауардың шығарылған тегінің белгісін (ЭШФ-ның 2-бағаны) және тауардың шығарылған тегінің көзін (ЭШФ-ның 15-бағаны) көрсету қажет. ЭШФ-да осы Шарттың 16-бөлімінде баяндалған Тапсырыс берушінің Жүк алушыларының дұрыс деректері болуға тиіс. Жоғарыда көрсетілген ақпарат болмаған жағдайда, Тапсырыс беруші Тауарды қабылдаудан бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

4.1.14. Тапсырыс берушінің талабы бойынша және оның таңдауы бойынша, Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді (дефектілерді) өз есебінен жоюға, Тапсырыс берушінің Тауардың кемшіліктерін жоюға жұмсаған шығыстарын өтеуге не Тапсырыс берушіден наразылықты алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тауарды ауыстыруды жүзеге асыруға.

4.1.15. Шарттың талаптарына сәйкес тауардың саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға;

4.1.16. Тауарды жеткізу мерзімдеру бұзылған және (немесе) Тауарды жеткізуден бас тартқан жағдайда Тапсырыс берушіге нақты шеккен шығыстарын ескере отырып, Тапсырыс берушіге төленген аванстың (алғытөлемді) қайтаруға;

4.1.17. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеткізілетін Тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттар ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды Шартты орындау аясында ұсынуға;

4.1.18. Тауарды жеткізуді жүзеге асыру кезінде Өнім беруші жұмыскерлерінің Тапсырыс берушінің аумағында енгізілген өткізу және объектішілік режимдерді, сондай-ақ ішкі тәртіп және қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын сақтауын қамтамасыз етуге. Атап айтқанда, Тапсырыс берушінің аумағына кез келген тыйым салынған заттар мен заттектерді, соның ішінде есірткі құралдарын, алкоголь өнімдерін, тез тұтанатын және уытты заттектерді алып өтуге және көлікпен алып кіруге тыйым салынады, бірақ олармен шектелмейді.

4.1.19. Өнім беруші жұмыскерлерінің есірткі құралдарын, алкоголь өнімдерін және мас күйді тудыратын өзге де заттектерді тұтынуын

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

болдырмауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ Тапсырыс берушінің аумағында өз жұмыскерлерінің алкогольдік, есірткілік, уытқұмарлық мас күйде (олардың аналогтарында) болуын немесе жұмыс күні ішінде мас күйді тудыратын заттектерді пайдалануын болдырмауды қамтамасыз етуге.

4.1.20. Шартты орындауға тартылған өз жұмыскерлерінің «KAP Logistics» ЖШС-нің Әдеп және комплаенс кодексінің (осы Шартқа № 7 қосымша) талаптарын сақтауын және олардың сақталуын қамтамасыз етуге.

4.1.21. Шартқа № 6 қосымшада – «KAP LOGISTICS» ЖШС-дегі өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз етуде баяндалған ережелермен танысуды және олардың толық орындалуын қамтамасыз етуге. Өнім беруші жұмыскерлерінің ақпараттық қауіпсіздік, өндірістік қауіпсіздік талаптарын, соның ішінде еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау, радиациялық және ядролық қауіпсіздік, электр қауіпсіздігі, тасымалдау процесінің қауіпсіздігі саласындағы талаптарды және Тапсырыс берушінің өндірістік қауіпсіздік бойынша ішкі нормативтік құжаттарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын, Тапсырыс берушіге, үшінші тұлғаларға, Өнім берушіге салдары тиетін ықтимал оқиғалар, аварияләр, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы үшін Тапсырыс беруші, үшінші тұлғалар және/немесе мемлекеттік бақылаушы органдар алдында толық жауапты болуға.

4.1.22. Ақпараттық және өндірістік қауіпсіздік талаптарын, соның ішінде ақпараттық қауіпсіздік, еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау және радиациялық және ядролық қауіпсіздік, электр қауіпсіздігі, тасымалдау процесінің қауіпсіздігі саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін және Тапсырыс берушінің ақпараттық қауіпсіздік, өндірістік қауіпсіздік және жұмыскерлердің еңбегін қорғау мен денсаулығы бойынша ішкі құжаттарын сақтауға

4.1.23. Шарт жасасылған күннен бастап оның қолданылу мерзімі өткенге дейінгі кезеңде ҚҚС бойынша есепке тұру/есептен шығу кезінде, 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Тапсырыс берушіге растаушы құжаттарды қоса бере отырып, тиісті хабарлама жіберуге, оны алғаннан кейін Тараптар қажет болған жағдайда Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге құқылы.

4.1.24. Өзінің жұмыскерлерінің Тапсырыс берушінің аумағында енгізілген өткізу және объектішілік режимдердің талаптарын, сондай-ақ Тапсырыс берушінің аумағында белгіленген ішкі тәртіп және қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын сақтауын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Өнім берушінің жұмыскерлері (өкілдері) Тапсырыс берушінің аумағында белгіленген өткізу және объектішілік режимдердің, ішкі тәртіптің қағидаларын, сондай-ақ қауіпсіздік талаптарын бұзған (алкогольдік, есірткілік, уытқұмарлық мас күйде болған) жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге әрбір тіркелген жағдай үшін Шарттың жалпы сомасының 10 (он) %-ы мөлшерінде өсімпұл төлейді.

4.1.25. Қауіпсіздік талаптарын сақтау бойынша өз жұмыскерлеріне тұрақты түрде нұсқамалық жүргізуге және оларды тексеруден өткізуге міндеттенеді.

4.1.26. Өнім берушінің мердігерлік ұйымдары өкілдерінің Тапсырыс берушінің объектішілік және өткізу режимдерін бұзғаны үшін дербес жауаптылығының сақталуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

4.1.27. Өз есебінен Тапсырыс берушінің бос цистерналарды (вагондарды) жөнелтуі үшін қажетті мөлшерде бекіту-пломбалау құрылғыларын ұсыну.

4.2. Өнім беруші:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

4.2.2. Тапсырыс берушіден тауарды дер кезінде қабылдауды және Қабылдап алу-тапсыру актісіне қол қоюды талап етуге;

4.2.3. Шартты, Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта қарастырылған негіздер бойынша бұзуға;

4.3. Тапсырыс беруші:

4.3.1. Өнім беруші жеткізген Тауарды Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға;

4.3.2. Өнім берушіден Тауарды Қабылдап алу-тапсыру актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей Шарт бойынша қажетті ақпаратты толтыруға және ескертулер болмаған жағдайда Тауарды Қабылдап алу-тапсыру актісіне қол қоюға немесе дәлелді негіздемелерді көрсете отырып, Өнім берушіге Тауарларды қабылдаудан бас тартуды жіберуге;

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүзеге асыруға міндеттенеді.

4.3.4. Тауардың жеткізілген партиясына теміржол жүккұжатының сканерленген көшірмесін Тауар жеткізілген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Өнім берушіге ұсынуға.

4.4. Тапсырыс беруші:

4.4.1. Өнім берушіден Шартта көзделген Тауарды тиісті мөлшерде және сапада алуға;

4.4.2. Тауардың/Шарттың құнын сәйкесінше азайтумен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Тауардың кез келген бөлігінен бас тартуға немесе ақаулы ведомоске сәйкес Өнім берушіге сапасыз Тауарды қайтаруға;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта қарастырылған негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға;

4.4.4. Тапсырыс беруші Өнім берушінің тауарлардағы елішілік құндылықтың болжамды үлесін ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.4.5. Өнім беруші Тапсырыс берушіге Шарт талаптарына сәйкес келмейтін атаудағы және сападағы Тауарды жеткізген кезде Тауардың тиісті партиясын қабылдаудан бас тарту, кейіннен оны 10 (он) күнтізбелік күн ішінде ауыстыру.

4.4.6. Өнім беруші осы Шарттың талаптарына сәйкес өзіне қабылдаған міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған жағдайда, қойылған сомаларды, есептелген өсімпұлдар (айыппұлдар) сомасын акцептсіз тәртіппен ұстап қалуға.

4.4.7. Егер Өнім беруші осы Шарттың талаптарын бұза отырып, Тапсырыс берушіге партиядағы Тауардың аз мөлшерін жеткізген болса, Тауардың толық жеткізілмеу фактісі расталған сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде тиісті партиядағы Тауардың жетіспейтін мөлшерін жеткізуді талап ету.

4.4.8. Егер Өнім беруші Тауардың тиісті партиясына қатысы бар, оның сапасын, мөлшерін, атауын куәландыратын құжаттарды, сондай-ақ Тауардың тиісті партиясына тауар-көлік (немесе теміржол-көлік) жүкқұжатын (түпнұсқасын), ТІЖ-ді ұсынбаса және/немесе Тапсырыс берушіге беруден бас тартса, Тауардың тиісті партиясын қабылдаудан бас тарту.

4.4.9. Өнім беруші мәлімделген көлемнен асырып жіберген жағдайда, Өнім берушінің есебінен артық жеткізілген көлемді әкету үшін осы Шартта анықталған мерзімді көрсете отырып, Өнім берушіге жазбаша хабарлама жіберу.

4.4.10. Осы Шарттың ережелерінде көзделген талаптар бұзыла отырып толтырылған құжаттарды қабылдаудан бас тартуға.

4.4.11. Осы Шартты орындаудан бас тартуға, Шартта көзделген айыппұл санкцияларын қоюға және мынадай жағдайларда Өнім берушіден шығындарды өтеуді талап етуге:

4.4.11.1. Өнім беруші Тауарды Шартқа №1/№2 қосымшада көрсетілген мерзім ішінде жеткізбесе;

4.4.11.2. Өнім беруші Тапсырыс берушіге толтырылған құжаттар нысандарын осы Шартта көзделген мерзімдерде ұсынбаса

4.4.11.3. Шарттың 15-бөліміне сәйкес жүргізілген Өнім берушіні комплаенс-тексеру нәтижелері теріс болса.

4.4.12. Өнім беруші тиісінше ресімдемеген, осы Шартта көзделген бастапқы құжаттарды ескертулерді жою және тиісінше ресімдеу үшін қайтаруға, сондай-ақ жеткізілген Тауар үшін төлем жүргізу мерзімдерін ҚР қолданыстағы салық заңнамасының талаптарына сәйкес келетін, тиісінше ресімделген құжаттар ұсынылған сәттен бастап есептеуге.

4.4.13. Өткізу және объектішілік режимдердің талаптарын бұзатын тұлғаларды өзінің аумағына жібермеуге, сондай-ақ Өнім берушіден оларды дереу ауыстыруды талап етуге. Осы мән-жайларға байланысты болуы мүмкін кез келген кідірістер Өнім берушіні Тауарды жеткізу мерзімдері мен сапасы бойынша міндеттемелерден босатпайды.

4.4.14. Өнім берушінің жұмыскерлері (өкілдері) Тапсырыс берушінің аумағында белгіленген өткізу және объектішілік режимдердің, ішкі тәртіптің қағидаларын, сондай-ақ қауіпсіздік талаптарын бұзған жағдайда (Тапсырыс берушінің аумағында болған бүкіл кезең ішінде алкогольдік немесе есірткілік мас күйде болуға жол берілмейді), Тапсырыс беруші әрбір тіркелген жағдай үшін Шарттың жалпы сомасының 10 (он) %-ы мөлшерінде өсімпұл түрінде Өнім берушіге айыппұл санкцияларын қою құқығын өзіне қалдырады. Бірнеше рет анықталған жағдай үшін Тапсырыс беруші осы Шартты біржақты тәртіппен бұзу құқығын өзіне қалдырады.

4.4.15. Осы Шарттың, Тәртіптің ережелерінде және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген және олардан туындайтын өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

5. Тауарды тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші жеткізілген Тауарды оның техникалық сипаттамасына және Шарттың талаптарына сәйкестігіне тексеруге құқылы.

5.2. Жеткізілген Тауарды қабылдау Тапсырыс берушінің өкілімен Тауарды қарап тексеру арқылы және осы Шартта белгіленген құжаттардың негізінде жүзеге асырылады.

5.3. Егер Тауарды қабылдау кезінде Тапсырыс беруші Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Тауардың тиісінше емес сапасын анықтаса, Тапсырыс беруші өз таңдауы бойынша мыналарға құқылы:

5.3.1. Тапсырыс берушімен келісілген мерзімде Тауардың кемшіліктерін өтеусіз жоюды талап етуге, бұл ретте Тараптардың Шартта белгіленген Тауарды жеткізу мерзімін өзгертуге құқығы жоқ;

5.3.2. Тауардың анықталған кемшіліктерін өз бетінше жоюға және тиісті жазбаша талап жіберілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Өнім берушіден Тауардың кемшіліктерін жоюға жұмсаған өз шығыстарын өтеуді талап етуге;

5.3.3. Тауардың анықталған кемшіліктерін жою және сапасы тиісінше емес Тауарды ауыстыру мүмкін болмаған жағдайда, Шартты

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

орындаудан бас тартуға.

5.4. Өнім беруші Тауармен бірге Тауар жеткізілетін (тағайындалған) пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:

5.4.1. шот-фактура, электрондық құжат;

5.4.2. Тауарға ілеспе жүккұжат, электрондық құжат;

5.4.3. Тауарға арналған теміржол жүккұжаты, электрондық құжат;

5.4.4. Тауардың сапасы туралы құжат (сәйкестік сертификаты/сапа сертификаты/сапа паспорты/сәйкестік паспорты), түпнұсқа;

5.4.5. Тауарға қатысты өзге де басқа құжаттар, Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерінде, Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарда, «Самұрық-Қазына» АҚ мен Тапсырыс берушінің нормативтік құқықтық актілерінде, осы Шартта және оған қосымшаларда белгіленген жағдайларда, тәртіппен, нысан бойынша және мерзімдерде.

5.5. Жеткізілген тауардың саны мен сапасы мәселелері бойынша, оның ішінде қабылдаудың әдеттегі тәсілі кезінде анықталмайтын ақаулар бойынша (жасырын ақаулар) Тапсырыс беруші Өнім берушіге Тауарды алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күндері ішінде талап қояды. Егер Өнім беруші @KOLICHESTVO_DNEJ_DLYA_OTVETA_NA_PRETENZIJ@ (_____) жұмыс күндері ішінде жауап бермесе, мұндай шағым жеткізуші мойындаған болып саналады және жеткізуші өзінің тәуекелдері мен шығындары есебінен 5 (бес) ішінде міндеттенеді) хабарламаны алған сәттен бастап жұмыс күндері тауардың жеткізілмеген және/немесе сапасыз бөлігін ауыстыруға міндетті.

5.6. Егер Тапсырыс беруші тауарды алған сәттен бастап 10 (он) ішінде Өнім берушіге Тауардың тиісті емес саны және/немесе сапасы туралы хабарлама жібермеген жағдайда, Тауар Тапсырыс беруші қабылдаған болып есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төленеді.

6. Кепілдіктер мен сапа

6.1. Өнім беруші жеткізілетін Тауарға қолданылатын, белгіленген талаптарға сәйкес келетін сапаға кепілдік береді. Өнім беруші осы Шарт бойынша жеткізілген Тауардың ақаулары болмауына кепілдік береді.

6.2. Жеткізілетін тауардың сапасы 5.4-тармақта көрсетілген құжаттармен расталуы тиіс. Және ерекшелікке (Шартқа № 1, № 2 қосымшаларға) сәйкес келуге тиіс.

6.3. Тауарды дайындау күні-жеткізу күнінің алдындағы бір жылдан кешіктірілмей, бұл ретте тауар жаңа, пайдалануда болмаған болуы тиіс.

6.4. Өнім беруші жеткізілген Тауарға Қабылдап алу-тапсыру актісіне қол қойылған күннен бастап 1 ай белгіленген кепілдік мерзімі ішінде Тауардың сапасына кепілдік береді.

6.5. Тапсырыс беруші өз бастамасы бойынша немесе өнім берушінің бастамасы бойынша оның техникалық ерекшелікке сәйкестігін растау үшін тауарға техникалық бақылау және/немесе сынақ жүргізе алады. Осы сынақтарға барлық шығындарды Шарттың бастамасы бойынша жүргізілген Тарап көтереді. Бұл ретте Тараптар Тараптардың бірінен дайындаушы зауытта және/немесе межелі пунктте тауарға сынақ жүргізу қажеттігі туралы хат алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өз өкілдерін сынақ жүргізуге қатысқаны туралы жазбаша түрде хабардар етуге тиіс.

6.6. Егер көрсетілген сынақтар өнім берушінің аумағында жүргізілсе, онда Тапсырыс берушінің өкілдеріне барлық қажетті қаражат беріледі және Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығындарсыз өндірістік ақпаратқа қол жеткізуге жәрдемдеседі.

6.7. Егер тауарды техникалық бақылауды және/немесе сынауды жүзеге асыру кезінде оның шартта көзделген ерекшелікке (Шартқа № 1, № 2 қосымша) сәйкес келмеуі анықталса, Тапсырыс беруші одан бас тарта алады және өнім беруші мұндай тауарды Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығындарсыз шартта белгіленген сапалық сипаттамаларға сәйкес келетін тауарға ауыстыруды жүргізеді, Тараптардың уәкілетті өкілдері тиісті актіге қол қойған күннен бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде.

6.8. Егер кепілдік мерзімі ішінде Тауардың ақаулары немесе оның Шарт талаптарына сәйкес келмеуі анықталса, Өнім беруші өз есебінен Тапсырыс беруші тиісті талаптар қойған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күндері ішінде ақаулы Тауарды жаңасына ауыстыруға міндеттенеді. Ауыстырылған Тауарға кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен басталады. Тауарды ауыстыру бойынша барлық шығындарды Өнім беруші көтереді.

6.9. Егер Тауарды ауыстыру бойынша кідіріс Өнім берушінің кінәсінен орын алса, онда кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.

6.10. Өнім берушінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тауарға барлық рұқсат беру құжаттары болады.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

6.11. Өнім беруші Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, қауіпсіздік талаптарына және Тапсырыс берушінің қолданылатын Қағидалары мен стандарттарына, соның ішінде «KAP Logistics» ЖШС өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау және ЖҚЕ сақтау саласындағы мердігерлік ұйымдарды басқару» Құжатталған рәсімінің ережелерін қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, Шарт бойынша Тауарды қауіпсіз жеткізуге кепілдік береді және ол үшін жауапты болады.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Өнім берушінің жауапкершілігі:

7.2.1. Өнім беруші Шарттың талаптарына сәйкес қазақстандық тауар өндірушілер тізбесінен үзінді көшірмені ұсынбаған жағдайда, Өнім беруші жеткізілген тауарды қабылдап алу-тапсыруды растайтын Қабылдап алу-тапсыру актісіне тиісті Тараптар қол қойғанға дейін Өнім берушімен төленуі тиіс Шарттың жалпы құнынан 20%-ы мөлшерінде айыппұл түрінде жауапкершілікті көтереді. Бұл ретте тиісті мәліметтерді Тапсырыс беруші сатып алу жөніндегі Қор Операторына Өнім берушінің осы міндеттемені орындамау фактісі анықталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Қордың тауар өндірушілер тізілімінен өнім берушіні алып тастау үшін растайтын құжаттармен бірге жібереді.

7.2.2. Шарттың талаптарына сәйкс Тауарлардағы елішілік құндылықтың нақты үлесін есептеу ұсынылмаған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлейді.

7.2.3. Өнім беруші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші "Самұрық-Қазына" АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Өнім беруші туралы мәліметті енгізу үшін сатып алу мәселесі жөніндегі уәкілетті органға ақпаратты белгіненген тіртіппен жолдайды.

7.2.4. Өнім беруші Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды жеткізу мерзімінің әрбір күнтізбелік күні үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, Шарттың жалпы сомасынан (не орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан) 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді;

7.2.5. Өнім беруші Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін шарт сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлейді, бірақ шарттың жалпы сомасының (не жалпы соманың) 10%-нан аспайды орындалмаған міндеттеменің сомасы).

7.2.6. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзуға жол бергені үшін Өнім беруші Тапсырыс берушіге шарттың жалпы сомасынан 0,05% мөлшерінде, бірақ алғаш рет анықталған әрбір бұзушылық үшін кемінде 25 000 (жиырма бес мың) теңге айыппұл төлейді. Қайта анықталған әрбір бұзушылық үшін Өнім беруші Тапсырыс берушіге шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде, бірақ кемінде 50 000 (елу мың) теңге айыппұл төлейді. Экологиялық қауіпсіздік талаптарын бұзушылық белгіленгені үшін Өнім беруші Тапсырыс берушіге шарттың жалпы сомасынан 0,3% мөлшерінде, бірақ анықталған әрбір бұзушылық үшін кемінде 150 000 (жүз елу мың) теңге айыппұл төлейді. Тапсырыс берушінің аумағында жұмыс уақытында да, жұмыстан тыс уақытта да (ӨБП-да ұстауды қоса алғанда), Өнім беруші қызметкерлерінің алкогольдік, есірткілік немесе өзге де уытты масаң күйде екені анықталғаны үшін Өнім беруші Тапсырыс берушіге шарттың жалпы сомасынан 0,3% мөлшерінде, бірақ әрбір бұзушылық үшін кемінде 150 000 (жүз елу мың) теңге айыппұл төлейді.

7.2.7. 4.1-тармақтың 4.1.5-тармақшасына сәйкес контрагенттің сауалнамасы уақтылы ұсынылмаған жағдайда. Тапсырыс беруші Өнім берушіден осы Шарт сомасының 5% мөлшерінде айыппұл төлеуді талап етуге құқылы.

7.2.8. Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының (СЭҚ ТН) коды / тауардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің шығу тегінің белгісі / тауардың 13 таңбалы ұлттық сәйкестендіру коды (NTIN) қате көрсетілген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден аталған деректер қате көрсетілген лот сомасынан 10% мөлшерінде айыппұл төлеуді талап етуге құқылы. Айыппұлды төлеу тиісті шотты алған сәттен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады.

7.2.9. Осы Шарттың 13-бөлімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, тауар белгіленген мерзімде берілмеген немесе берілмеген жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіден осы Шарт бойынша орындалмаған міндеттемелер сомасының 10% мөлшерінде айыппұл төлеуді талап етуге құқылы. Айыппұл төлеу тиісті шотты алған сәттен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде жүргізіледі.

7.2.10. Шарттың 4.1.2-тармағында көрсетілген міндеттемелер бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарт бойынша Тауарды қабылдаудан бас тартуға құқылы, ал 4.1.2-тармақта белгіленген құжаттар уақтылы ұсынылмаған жағдайда, қосымша ретінде құжаттар нақты ұсынылған күнге дейінгі мерзімді өткізіп алған әрбір күнтізбелік күн үшін тиісті Тауар құнының 0,1% мөлшерінде өсімпұл қоюға құқылы. Мерзімді өткізіп алу 30 (отыз) күнтізбелік күннен асқан жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттан толықтай немесе жеткізілмеген/талаптар бұзыла отырып жеткізілген Тауардың құнына сәйкес келетін бөлігінде бас тартуға құқылы болады.

7.3. Өнім беруші осы Шарт бойынша төленуі тиіс сомадан осы Шарт бойынша Өнім берушінің өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұлдар) сомасын тапсырыс берушінің ұстап қалуына келіседі.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

